

**07.04.2019 ж.**

Арқалық қаласы №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында 7 сәуір- Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған «ҰРПАҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ- ҰЛТТЫҢ САУЛЫҒЫ» атты тақырыптық көрме ұсынылды.

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні жыл сайын бүкіл әлемде аталып өтеді. Барша халықты салауатты өмір салты мен денсаулықты жақсартуға шақыратын денсаулық күнінің тарихына келсек, бұл күнді атап өту 1948 жылдың 7 сәуірінен басталған. Жер бетіндегі барша ұлт пен ұлысқа ортақ бұл күн өз елімізде тәуелсіздік алған жылдан бері аталып келеді.

Бұл көрменің мақсаты: денсаулық күнін атап өту, бұл қалың жұрттың өз денсаулығына назар аударту, оның маңыздылығын, құндылын түсіндіру, адамдардың денсаулығын сақтап қалу үшін не істеу қажет екендігін жеткізу.

Бұл көрмеге «Емші» газеті, «Денсаулық», «Отбасы және денсаулық», журналдар мен «Халық емінің құдіреті», «Саулық кілті өз қолыңда», «Неке гигиенасы» т.б. кітаптар қойылды. Осы көрмеге экономика және құқық колледжінің бір топ студенттері келіп көрмемен танысты. Денсаулық көрмесі осы айдың соңына дейін ұсынылады.

